



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк өкілдері Будапешт Еуразиялық форумына қатысты

2024 жыл, 22 қараша

20-22 қараша аралығында Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бірлескен делегациясы Мажарстан Ұлттық Банкінің **Будапешт Еуразиялық форумына** қатысу мақсатында **Мажарстанға сапармен барды**.

Биылғы форум Мажарстан Ұлттық Банкінің 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Шара **ағымдағы экономикалық саясат**, білімге негізделген **экономиканың бәсекеге қабілеттілігі**, сондай-ақ цифрлық трансформация жағдайында болашақ қаржы жүйесін дамыту мәселелерін талқылауға арналды.

Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары **Ақылжан Баймағамбетов экономиканың тұрақты өсу факторлары туралы панельдік сессияның спикері болды**. Төрағаның орынбасары өз сөзінде **макроэкономикалық тұрақтылық** пен төмен тұрақты инфляцияның **маңыздылығын** атап өтіп, Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуге жәрдемдесу, сондай-ақ қаржы саласындағы ESG қағидаттарын дамыту жөніндегі шаралары туралы хабардар етті. Қаржы нарығының тиімділігін арттырудың маңызды бағыттары ретінде **ұлттық қаржы инфрақұрылымын** мен инновациялық экожүйелерді **дамыту** белгіленді.

Талқылау барысында орталық банктердің, зерттеу институттарының және халықаралық ұйымдардың өкілдері **экономиканың әл-ауқат деңгейін бағалаудың балама әдістері туралы пікір алмасты**. Төмен тұрақты инфляция тұрақты экономикалық өсуге негіз жасап, инклюзивті экономика көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Сапар аясында **Мажарстанның Ұлттық Банкі** басшылығымен кездесу ұйымдастырылды. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Инвестициялық және банкаралық ынтымақтастықтың өсу перспективаларына, сондай-ақ **орталық банктердің сараптамалық өзара іс-қимылына** ерекше назар аударды.

Бұдан бөлек, Венгрияның екінші деңгейлі ең ірі банктері, **МВН Bank және ОТП Bank** пен кездесулер өтті. Қазақстанның Орталық Азиядағы елдік әлеуетін және орнықты өсу перспективаларын ескере отырып, **қазақстандық тарап Мажарстанның қаржы институттарын** Қазақстанның қаржы нарығына қатысуын кеңейтуге **шақырды**.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz